

**«Өскемен қаласының білім беру бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары**

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар «Өскемен қаласының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің және оның ведомствосына қарасты білім беру ұйымдарының қызметінде жемқорлық көріністерге жол бермеу және жемқорлық көріністерге төзімділік шегін арттыру, қоғамдық қатынастардың жеке саласында жұмыс істейтін тұлғалардың жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықтарын қалыптастыру, жемқорлық көріністерді анықтау және қызметкерлер арасында келеңсіз салдардың алдын алу мақсатында әзірленген.

1. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: Өскемен қаласының аумағында білім саласын басқару.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы: «Өскемен қаласының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

3. Қоғамдық қатынастардың жеке саласында қызмет істейтін тұлғалардың тәртіп (іс-әрекет) ережесі.

3.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру:

Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қызметті жүзеге асыру;

білім саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру, Қазақстан Республикасы азаматтарының білім алуға деген конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету;

ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылым және тәжірибе жетістіктері негізінде тұлғаның қалыптасуы, дамуы және кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасау;

азаматтыққа және патриоттыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасын сүйуге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халқымыздың салт-дәстүрлерін құрметтеуге, кез келген сыбайлас жемқорлыққа және қоғамға қарсы құбылыстарға төзбеушілікпен қарауға тәрбиелеу;

әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне тарту; қазақ халқының және республикамыздағы өзге де халықтардың салт-дәстүрлері мен тарихын зерттеу, мемлекеттік, орыс және шетел тілдерін меңгеру;

білім беру ұйымдарының автономдылығы мен дербестігін кеңейту, білім беруді басқаруды демократияландыру және орталықтандыру;

білім беруді акпараттандыру, халықаралық коммуникациялық жаһандандыру желісіне шығу негізінде оқытудың жаңа технологияларын енгізу.

педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыру;

қоғам мен экономика қажеттіліктеріне жауап беретін білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің қызметін қамтамасыз ету.

азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету, азаматтардың

арыз-өтініштерін заңнамамен белгіленген мерзім мен тәртіпте қарау, олар бойынша қажетті шаралар қабылдау;

лауазымдық міндеттерін орындау кезінде азаматтың жеке өміріне, арнамысы мен абыройына қатысты мәліметті жарияламау, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайлардан басқа жағдайда олардан бұндай ақпарат талап етпеу;

жеке басының мәселелерін шешу кезінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және басқа да тұлғалардың қызметіне ықпал көрсету үшін қызметтік дәрежесін пайдаланбау;

кез келген мүдделер шиеленісінің пайда болуын болдырмау бойынша шаралар қабылдау.

3.2. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдер даярлау және қабылдау:

Өз құзыреті шегінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік құндылықтар жүйесін қалыптастыру және нығайту бойынша қызметті жүзеге асыру;

мүдделер шиеленісінің алдын алу және шешу бойынша шаралар қабылдау;

мемлекеттік қызметшінің және білім беру ұйымдары басшыларының құзырына кіретін шешімдер қабылдау кезінде өзінің заңды міндеттерін атқарумен байланысты ешқандай материалдық игіліктер, қызметтер және басқа да артықшылықтар қабылдамау;

қызметтік тәртіп пен қызметтік этиканы мүлтіксіз сақтау, и Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектеулерді сақтау;

еңбек тәртібін сақтау, берілген уәкілеттіктерін тиімді пайдалану;

өзінің қызметтік міндеттерін адал, риясыз және сапалы атқару; жұмыс уақытын ұтымды пайдалану.

3.3. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға ұсыныстар енгізу:

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының нормаларын қатаң сақтау;

өзі немесе үшінші тұлғалар үшін пайда көру мақсатындағы нормативтік құқықтық актілердің қабылдануына жол бермеу;

белгісіз тұлғалар тобына немесе нақты жеке тұлғаларға қатысты;

нормативтік құқықтық актілердің жобалары қоғамда міндетті талқылану арқылы әзірленулері тиіс, егер олардың мазмұны азаматтардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты болатын болса;

3.4. Тіршілік әрекеті саласының ерекшелігіне байланысты пайда болатын басқа да өзара қарым-қатынастарда:

қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекетке және оның институттарына деген сенімдерін сақтау және нығайту;

жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау;

заңмен тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік қарастырылған қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтарға жол бермеу;

басқа мемлекеттік қызметшілердің тарапынан қызметтік этика нормаларын бұзуға жол бермеу бойынша өзге де шаралар қабылдау;

ұжымда әріптестерінің ар-намысы мен абыройына кір келтіретін жеке және кәсіби қасиеттерін талқылауға тыйым салынады;

өзінің әрекеттері және тәртібімен қоғам тарапынан сынға қалуға жол бермеу, айтылған сын үшін қудаламау, орынды айтылған сынды кемшіліктерді жою және өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалану.

Педагог қызметкерлер:

Адал, шыншыл, оқушы тұлғасының абыройы мен намысына және жалпы адами құндылықтарға құрметпен қарайтын болуы керек;

педагог мамандық беделінің қамын ойлауға, әріптестерінің намысы мен абыройын құрметтеуге және мұғалім беделіне залал келтіретін әрекеттерге жол бермеуге тиіс.

Өз әріптестерінің сенімдерін асыра пайдалануға, оларға өздерінің кәсіби міндеттерін атқаруға кедергі жасамауға немесе залал келтірмеуге тиіс.

4. Өзге де шектеулер мен тыйымдар:

Мемлекеттік қызметті атқаруымен сәйкес келмейтін қызметті атқаруға;

Мүліктік және мүліктік емес игілік пен артықшылықтар алу немесе пайдалану мақсатында ресми жариялауға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалануға;

Егер мемлекеттік қызметші жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат білетін болса, онда ол бұндай құқық бұзушылықты тоқтату және алдын алу бойынша қажетті шара қабылдауы қажет, соның ішінде жоғары тұрған басшыға, өзі қызмет атқаратын мемлекеттік органның басшылығына, уәкілетті мемлекеттік органға жазбаша түрде шұғыл хабар беруге тиіс. Сонымен қатар мемлекеттік қызметші өзін өзге тұлғалардың жемқорлық құқық бұзушылық жасауға тарту жағдайы туралы аталған тұлғаларға немесе органдарға жазбаша түрде шұғыл хабарлауға міндетті.

Заңмен тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

Жеке басына мүліктік және мүліктік емес пайда көру үшін өзінің лауазымдық уәкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалануға.

Педагог қызметкерлер өз қызметінде:

білім алушылар мен тәрбиеленушілерді жоғары адамгершілік рухында тәрбиелеуге, ата-аналарын және этномәдени құндылықтарды құрметтеуге, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелейді;

Қазақстан Республикасының педагог қызметкері атағына кір келтіретін әрекеттер жасауға жол бермеу;

енбек тәртібін қатаң сақтауға;

білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарауға және оны өз мүддесі үшін пайдаланбауға;

жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің адал, турашыл қасиеттерімен жеке үлгі көрсетеді;

өзінің жеке үлгісімен ұжымда тұрақты және позитивті моральдық-психологиялық жағдайдың қалыптасуына ықпал етеді;

өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде іскерлік киім үлгісін сақтайды.

Білім беру үрдісіне қатысушылармен қарым-қатынаста педагог қызметкер:

жасына, жынысына, ұлтына, дінге сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе өзге де жағдайына қарамастан адамның құқығын, ар-намысы мен абыройын құрметтеуге;

білім беру үрдісіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалаушылық фактілеріне жол бермеуге, өз әріптестері тарапынан осындай әрекеттерге жол бермеу бойынша барлық күшін салуға;

өзінің әрекеттері және тәртібімен қоғам тарапынан сынға қалуға жол бермеу, айтылған сын үшін қудаламау, орынды айтылған сынды кемшіліктерді жою және өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалану.

білім беру үрдісіне қатысушыларға кәсіби қолдау көрсетеді.

Әріптестерімен қарым-қатынаста педагог қызметкерлер:

жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтайды, әдепті және сыпайы болуға міндетті;

көпшілік алдында басқа педагог қызметкердің кәсіби біліктілігіне шүбә келтірмейді.

**Өскемен қаласының
білім беру бөлімінің басшысы**



М.Ахметова